



# Егемен Қазақстан



## Egemen.kz

## Қазақтың рухани Жерұйығы

### «ЕЛІМ-АЙ» ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Өткенде бір саясаттанушы ғалыммен әңгімелескенімде, ол: «Қазақ халқында үнсіздік келіскендікті білдірмейді, біздің халық сабырлы бола біледі және қарсы жақты тыңдай алады» деді.

Бұл азаматтың айтқаны айна-қатесіз дұрыс! Рас, біздің халқымыздың күші – даналықта, көрегендікте, сабырлылықта ғана емес, өмірге деген философиялық қарым-қатынасында, жауының алдында тізе бүкпейтінінде, ауыртпалық, қасірет алдында мойымайтынында, әрдайым еңсесін көтеріп алға жүретінінде, кең кешірімділіктен бақыт табатынында, қайғысы бар адамға, әл-ауқаты төмен жанға қол ұшын бере білетінінде, жолаушыларға есік ашатынында, әмбебап ережелермен өмір сүретінінде, қысқасын айтқанда, адами қоғам тұрмысының заңы бойынша өмір сүре алатындығында.

Қазақ мемлекеттілігінің мыңжылдық кезеңіндегі қалыптасу барысын да біздің халық ғаламдық категориямен болжады. Бүгінгі таңда ұлтымыздың бір балама аты бар, ол – төзімділік. Бұл – парасат пен сенімнен туған төзімділік.

Бағзы заманда «Елім-ай» әні халықтың қайғысын жеңілдету үшін айтылса, бүгінде «ел» сөзі мен ұғымы мәңгіліктің әрі бастауын, әрі бағытын көрсетеді. Бізде осы сөздің бір нұсқасы – халық. Қазақ «қара жер мен халық қартаймайды» деп бекер айтпаса керек.

### УАҚЫТ ЖӘНЕ ОЙ ЕЛЕГІ

Уақыт – істің дәл мәнісіне келгенде ғажап құбылыс. Кейбір данышпан ғалымдар оған ғажайып, шексіздік тән деп есептейді. Әр кезеңнің данагөйлері әр түрлі уақыт теорияларын алға жылжытқан және әлі күнге дейін жылжытып келеді. Жаратылыстану ғылымдарының ғалымдары уақытқа сезгіштік элементі тән дей отырып, нақты уақыт ұғымы туралы дауласуда. Алайда, «уақыттың табиғаты» туралы ешкім сөз қозғамаған. Уақыт дегенде, дерексіздікке бой алдырғандай боламыз. Қас-қағым сәтте ол өткен шаққа айналады, оны артқа қайтару мүмкін емес. Сан рет естисің, «барлығына шек бар». Аристотель айтқан уақыттың эмпирикалық түсінуінен бастап, қарапайым түсіну ұғымында мыңжылдық уақыт «сүтпісірімнен» де аз көрінуі мүмкін. Бірақ Ұлы Дала уақыты бұған бағынбайды. Осы жерде уақыт кеңістігінен тыс, ештеңемен өлшенбейтін, жан тебіренерлік жусан иісі мұрныға келеді. Ұшқан құс, жүгірген аң қайдан және қайда ағып өтсе де Дала уақытына бағынады. Ұлт шежіресі мен жыры да осы топырақтан өніп,

өрбіп отырады. Халықтың ой елегі – сахараның ой елегі болып кете барады. Ұлы Даланың уақыты шексіз.

### **КӨНЕ САРЫН НЕНІ ЕСКЕ САЛДЫ?**

Көне сарын, мәңгілік сарын – елдіктің сарыны, тіршілік пен тұрақтылықтың сарыны. Дәстүр сарыны! «Күндіз отырмадым, түнде ұйықтамады; қара терімді төктім, қызыл қанымды ағыздым, Түрік халқы үшін» делінеді Күлтегін жырында. «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесен – істің бәрі бос», дейді Абай данышпан. Ұлт дәстүрі бізге осы береке-бірлікті аманаттайды. «Сабақты ине сәтімен» деген халық нақылы бар. Қазақ – әлімсақтан меймандос ел, енді ол бейбітшілікке ұмтылған әлеммен ықпалдасып отыр. Бірақ әлем де біртекті емес, қырық құрау. Кейбірінің «солшылдық ауыруы» асқынып тұр. Көне сарын қазақтың маңдайындағы шырақты жағып тұр. Бағыт анық, бағдар айқын. Ол – тарих қайнарынан жеткен, Елбасымыз мән-мағынасын байыптап берген – «Мәңгілік Ел» мұраты. Енді тек – нар тәуекел!

### **ҰЛЫЛЫҚТЫ ТАҢУ ЖОЛЫ**

Ұлытау – ұлт тарихындағы қилы оқиғаларды айқындау нүктесі ғана емес, ол – Қазақ елінің бірлігін бейнелейтін мекен (тау) әрі Қазақстанның географиялық орталығы.

Алаша хан кесенесі даңқты ізашар хандарымыз Жәнібек пен Керейдің ұрпаққа аманаты сынды.

Ұлытауда Алтын Орданың ханы Тоқтамыс, мемлекет қолбасшысы, әмірі Едіге жерленген. Ұлытау – ұлы адамдардың құпиясын сақтап келе жатқан киелі мекен.

Тарих жадындағы 1723 жылғы «Ақтабан – шұбырынды, Алқакөл – сұлама» халқымызға үлкен қайғы-қасірет әкелді. Алайда, 1728 жылы Қарасиыр жерінде (кейіннен «Қалмаққырылған» деп аталған) жауды ойсыратқан үлкен жеңіс қасірет хронологиясына үлкен төңкеріс жасады. Халық төзді әрі түсінді: тек бірлік бар жерде ғана тірлік бар және күш бар. Ұлы Дала батырларымызға қуат беріп, ісі қазақтың басы қосылған жерде ғана жеңіс болатынын дәлелдеді.

Асанқайғы іздеген Жерұйық – әулие қонып, нар шөккен жер. Ұлытау – қазақтың рухани Жерұйығы.

Киелі жерге барған сапарында Елбасы «Ескі емен тамыры терең болмаса, боранға төтеп бере алмайды» деді. Сөз құдіреті, тарих тағылымы деген осындай-ақ болар.

Ұлытау – ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы – еліміздегі ең ірі аумақ, оның ауданы 147000 (жүз қырық жеті мың) гектар жерді құрайды. Осы жерде 750-ден аса тарихи және мәдени ескерткіштер бар, әлі мыңға жуық жәдігерлік осы күнге дейін мемлекеттік қорғауға алынбаған. Аудандағы «Ұлытау – қазақтардың ежелгі астанасы» деп аталатын туризмді дамыту бағдарламасы енді ғана жүзеге асырыла бастады. Бірақ аталған жобаның маңызы әр адамның зердесіне жету үшін мұнда мемлекеттік деңгейде қажетті кешенді шаралар жүзеге асуы керек.

Киелі орындар жаңғыруда. Жезқазған арқылы Ұлытауға алып баратын туристік жол Ұлы Дала бойымен 1200 шақырымға созылған. Оны халқымыздың рухани бастауларына саяхат жолы деуге болады. Бейнелеп айтқанда, қазақ мемлекеттілігі тарихнамасы жаңа кезеңнің нағыз жолын бастады.

Елбасының жоспарына сәйкес, Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл теміржол магистралінің ел өмірінде стратегиялық маңызы зор.

Тарихи тоғыз жолдың торабы шынайы тоқсан жолдың тарауына айналғалы отыр. Аспанда – Құс жолы, жерде – Қазақстан жолы. Әлемді таңғалдырған сонау қыпшақ заманынан бүгінгі Қазақстан заманына дейінгі сан соқпақ бізді жақсылыққа бастайтынына сенеміз.

Ұлытаудың әр тасында хандардың тағы, билердің бағы, халықтың хақы бар. Күні кеше Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұлан үңілген бұл тастардан Елбасымыз «ел үміті» деп отырған қазіргі жастар да көп нәрсе алатыны сөзсіз. Енді тастар – тастар болып, жастар – жастар болып сөйлейді, тебіренеді, тағылым алады. «Тамшы тасжарады».

Тамшымыз – еңбек, тасымыз – ашылмаған аралдар, алынбаған қамалдар. Қазақ елі – еңбек жемісін көруге лайықты ел!

### **ҰЛЫТАУ КІЛТІ – ОТАНШЫЛДЫҚ**

Тарихи деректерге сүйенсек, Ұлытау төңірегінде Шыңғыс ханның үлкен перзенті Жошы ханның ордасы болған.

«Ақсақ құлан» – 1227 жылы қайтыс болған Шыңғыс ханның осы сүйікті ұлының өлімін қасиетті домбырамен жеткізген күй. Иә, біздің кең-байтақ даламыз қаншама сырды ішіне бүгіп жатыр десеңізші!..

Тарихшылар ұлтымыздың өткенін қайта зерттеп, зерделеу үстінде. Атқары ған іс аз емес, бірақ алдағы уақытта жасалатын жұмыс одан да көп.

Ең алдымен, Президентіміз айтып өткендей, мақсатымыз – өсіп келе жатқан ұрпақты тарихымызбен таныстыру. Ұлытау – сол отаншылдықтың, ұлттық мүдденің ошағы деп айтсақ, артық емес.

Сонымен қатар, біз Қазақ мемлекетінің қалай құрылғанын байыптап, тарихи жерлеріміздің тағдырын толық зерттеп, шынайы деректі көрсетуіміз қажет. Бұл жетістікке жету үшін тарихшылар, қоғам қайраткерлері, тіпті еліміздің әрбір азаматы үлес қосуы тиіс.

Бабаларымыздан қалған жер – біздің жеріміз. Оны жас ұрпақ білу керек және есте сақтау қажет. Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі ең бастысы – оларды ұлттық құндылықтарға баулу. Өйткені, ұлттық құндылықтар – кез келген ұлттың ең биік игілігі.

Университеттің бүгінгі түлектері – Жаратқан бұйыртқан тәуелсіздігіміздің құрдастары. Елімізде жастардың рухани мәдени жетілуі мен дамуына айтарлықтай көңіл бөлінуде. Біздің ұлдарымыз – Отанымыздың ертеңгі қорғаушылары. Сондықтан да біз отаншылдықты күшейтуіміз қажет. Отанға қызмет ету антын жас азамат бір рет және өмір бойына береді. Бұл жерде университетте әскери кафедралардың болуы жеткіліксіз. Балаларды тәрбиелеуде балабақшадан бастап білімнің бар жүйесінде үйреткен жөн. Өсіп келе жатқан ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне ең алдымен біз, зиялылар, жауаптымыз.

Ата тарихымызда аты аңызға айналған Күлтегін атты әрі батыр, әрі қолбасшы болған. Түркі қағанатының сенімді сарбазы да, сардары да осындай болса керекті. Отаншылдықтың биігінде тұрған сол батырдың аты қайсарлықтың, сенімнің, жауапкершіліктің, өз халқына шексіз махаббаттың рәмізі сынды.

Қазір Түркі қағанаты туралы деректер, мәтіндер мектеп оқушысына да белгілі.

2001 жылы Еуразия ұлттық университетіне «Күлтегін» ескерткішінің көшірмесі әкелінді. Даярлаған – жапон шеберлері. Осы тарихи істің ұйытқысы болған Елбасы ашылу салтанатында: «Бұл мұра бізді бірлікке шақырады. «Күлтегіннен» жастар мол тағылым алады. Пәк қыздар күң болмау үшін, нар ұлдар құл болмау үшін ақыл-парасат, ынтымақ-береке керек. Қазақстан – сондай деңгейге лайық ел» деді.

Бұл тарихи фактіні Қазақстанның тәуелсіз ел болып қалыптасуында үлкен рөл атқарған оқиға ретінде айтып отырмын. Соңғы жиырма жылдағы кешенді әрбір рухани шара еліміздің бүгінгі тарихын бағзы заман құндылықтарымен байланыстырғанын байқау қиын емес.

Халқымызда тамырын тереңнен тартқан айрықша патриоттық рух бар. Университетіміздің профессоры Майдан Құсайынов, міне, 25 жылдан бері екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсетіп, шәйіт кеткен батырларымызды зерттеп келеді. Ол артынан еріп келе жатқан жастарға нағыз патриоттықтың үлгісін көрсетіп отыр. Студенттерді Брянск жері мен Синяв батпақтарына дейін ерінбей қайсарлықпен апарған майдан жоқтаушысы бірнеше шақырымға созылған шалшықты да, орман-көлдерді де ерік-жігерімен кесіп өтіп жүр. Ұмыт қалған есімдерді жаңғыртуға деген құлшыныс, жеңіс аманатына деген ұмтылыс ерен ерліктің көрінісіне айналды. Енді осы Майданның майдан тағылымын іздеген шәкірттерін бүгінгінің батырлары демей не дейміз?..

Жалпы мына жайтты ескеру керек: елшілдік – қоғамның рухани байлығының негізі; әлеуметтік қағидалар осыдан бастау алып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын түзетуге жұмылуы тиіс.

Нұрсұлтан Әбішұлының Ұлытау сапары бәрімізге ерекше ой тастады. Бағдарды анықтап, кілтті нұсқады. Қазір біз оны еуропаша «код» дейміз. Отанды қорғау жөнінде қарапайым да қағидатты әңгіме айтты. Тәрбие ең алдымен отбасыдан басталады, әрбір азаматтың отбасы – мемлекет шаңырағын қорғаудың негізі. Дәл сол отбасында өмір құндылығын түсіну мен үйрену қалыптасады. Ендеше, ортақ Отанымызға, мемлекетімізге бәріміз жауаптымыз.

### **БІРЛІК – ДАҢҒЫЛ, БЕРЕКЕ – ТАМЫР**

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы жаңа әлемдегі жаңа еліміздің ұлттық мұраты – қазақстандық қоғамды топтастыру, ішкі саяси тұрақтылық пен сыртқы саяси байыптылықты тең ұстау екенін анықтап берді.

«Біздің міндетіміз – тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктерімізді сақтай отырып, ХХІ ғасырда одан әрі даму», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Жасампаздық, бейбітшілік, толеранттылық мыңдаған жылдар бойы халқымыздың қанына сіңіп, санасы мен жүрегінде орнығып, елдік дәстүріне айналды. Осы қасиеттер – бүгінде ұлт игілігі, меймандостығының рәмізі.

### **БҰЛ ТҰРҒЫДА ТАРИХ НЕ ДЕЙДІ?**

1643 жылғы Орбұлақ шайқасынан бастау алатын бір ғасырдан аса уақытқа созылған жоңғарға қарсы соғыс бізді шыңдады, көп шындыққа тағы бір көзімізді ашты.

Салқам Жәңгір хан қазақ халқын басқыншыларға қарсы жұмылдыра білді. Ұлт батырларымен, ықпалды билермен бірлік орната отырып, Бұхар және Хиуа хандығына дейінгі шекараны дипломатиялық деңгейге дейін ұлғайтты.

Орбұлақ шайқасы – дана Жәңгір хан көшбасшылығының үлгісі ғана емес, халқымыздың адам сенгісіз табандылығын көрсетті. Дұшпанның он мың әскеріне тастүйін алты жүз сарбазымыз қарсы тұра алады.

1729 жылғы Аңырақай шайқасында да халықтың бірлігі мен айбынының арқасында жеңіске қол жеткіздік. Аңырақай мен Алакөл шайқаста сарбаздардың Сарысу мен Ұлытауға шығатын стратегиялық плацдармы болды. Бұл – елді қорғау жолындағы ерлік пен өрліктің бірер парағы ғана...

Біз ата-бабамыздың ақ найзасының ұшымен, ақ білегінің күшімен келген тәуелсіздігімізді қолымызға алдық. Демократиялық даму жолына түстік.

Биік адамгершілік пен толеранттылық, терең рухани тәлім-тәрбие мен мәдениет, арқауы үзілмеген дәстүр – ел дамуының іргетасы және ынтымақ-бірліктің қайнары.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде тәуелсіз мемлекетіміздің тарихында тұңғыш рет Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы мен Этнос және дінаралық толеранттылық бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ашылды. Бұлар – жастардың жаңаша ойлауының ғылым мен тәжірибе алаңы ретінде қалыптасып келеді.

Тарихсыз болашақ жоқ. Сондықтан өз еліміздің өткеніне қатысты деректерді тірнектеп жинап, жүйелеп, жариялау – біздің абыройлы міндетіміз. Бұл жерде ешқандай шектеушілік пен шеттелушілік жоқ.

Ұлттық мұратты бекіту – қоғамдағы барлық күштің рухани бірлік негізі. Ұлытаудан ескен самал Дүниежүзі қазақтары құрылтайының ойы мен арманын жеткізіп жатса, сондай-ақ ол Астанада тұрақты және жүйелі өтетін әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары жиындарының қарарымен орайласса, бұл Қазақстан жолын баянды етудің амалы болып шықпай ма?

Елбасы сұхбатында: «Сабырлы болған жөн. Біздің көпұлтты болып отырғанымызға ешкім кінәлі емес. Тағдыр солай болды. Өзге халықтардың да ешқандай жазығы жоқ. Орыстардың, украиндардың, белорустардың, ұйғыр, чешен секілді халықтардың не кінәсі бар? Осылай болды, тарих бізді көпұлтты етті. Бәрінің басын

қосып, Қазақстанның бірлігін сақтап, төзімділік танытып, экономикамызды өркендетіп, өсе беретін болсақ, келешек қазақтың қолында болады», деді.

Күшті мемлекеттердің ұлттық идеясы барлық кезеңде де этностардың дәстүрі мен салтын, мәдениеті мен білігін насихаттау арқылы нығайтылып отырған. Ел идеологиясы халықты мемлекет міндетіне топтастырады, азаматтардың көздеген мақсатын орындауына жол ашады. Енді бізде ұлттық мұратты жүзеге асыруды жүйелеген бағдарлама бар. Тек барлығымыз бірігіп, күш жұмылдырсақ қана бейбіт аспан астында өмір сүре аламыз. Сонда ғана этностардың үйлесімін сақтау, олардың ауызбірлігін арттыру, рухани атмосфераны қалыптастыру секілді жаңашыл отансүйгіштік мағына пайда болады.

Береке-бірлік – біздің күре тамырымыз, даңғыл жолымыз.

### **ТІЛ ТУРАЛЫ**

Ұлытаудағы сұхбатында Нұрсұлтан Әбішұлы: «Біз көп ұлтты елміз, бұл – тарихи ақиқат. Біздің міндетіміз тіл саясатына шектен шықпай ерекше мән бере отырып, қоғамның бірлігін сақтау», деді.

Осы жерде «Бір-бірін түсіну үшін бірдей сөйлеу жеткіліксіз, ... басқа адамдармен де қарым-қатынаста жалпы тәжірибе жинаған дұрыс» деген Ницшенің сөзі еске түседі.

Көпұлтты ортадағы қазақстандық тәжірибе көрсеткендей, тілдерді білу ерекшелігі дегеніміздің өзі түптей келгенде мәдениет деген ұғымды білдіреді. Орыс философы Андрей Белый «сөз арқылы ғана таным болады» деген аксиомасын тегіннен тегін айтқан жоқ.

Шындығына келсек, күшті мемлекет болу үшін тіл жайындағы мәселелерді үнемі қозғап отырудың керегі жоқ. Одан гөрі сөз бен істің бірлігі маңыздырақ: айтқан сөзде тұру, сөз арқылы елді ерте білу, сөзді жүйелі іске асыру, т.б.

Мемлекеттік тілдің болмауы немесе бір елде бірнеше тілдің болуы ойдан шығарған саясаттың нәтижесі екенін тарих көрсетіп отыр. Қазақ халқында «тіл табысу», «тіл алу» деген ұғым «бірлік», «сыйластық» деген мәнге ие. Ешкім бір мемлекетте тұрып, оның мемлекеттік тілін менсінбей отансүйгіш бола алмайды. Сонымен бірге, әлемдік рухани және тілдік құндылықтарды игеру мен мемлекет тілін үйренуді бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Бұған еліміздің Президенті аса қатты мән береді.

Бүгінде Елбасымыз көтерген «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жаңашыл отансүйгіштік деңгейін жаңа кезеңге көтеріп қана қоймай, бұл мұратты елдіктің негізі екендігіне халқымызды иландырды. Мұны барша этнос өкілдері шын ниетімен айта бастады. Ұлытау сұхбаты соны қайта бір парықтатқандай болды.

### **ҰЛЫТАУ: ТҮЙІН СӨЗ**

Ұлытау – бейнелік мағынаны нұсқаған «ұлы тау» ғана емес.

Ұлытау – адамзат дамуында орны бар Қазақ елі өркениетінің ошағы. Халқымыздың салтанаты мен қайғысы, шарықтауы мен құлдырауы, жеңісі мен жеңілісі, дауылпаз ұраны мен күйінішті үні – бәрі-бәрі жазғытұрым жусан исі аңқыған, күзінде Сарыарқаның мәңгілік сағынышын сездіріп тұратын, қыстың қысқа күні мен ұзақ түнінде жұртты тәубесіне түсіретін даланың аясында санаңызға жетіп, жаныңызды тебіrentіп тұрады. Аяқтың астындағы шөптің сыбдырына, айналадағы қуалай аққан тас бұлақтың сылдырына құлақ түріңіз, алыстан мен мұңдалаған мұнарға көз жүгіртіңіз, өз-өзіңізбен болыңыз.

Ұлытау және Сіз. Барлығы осы жерден басталады...

Арғыдан жеткен Иммануил Канттың мына бір философиялық ойы біздің Президентіміздің пікірін құптатады: «Әділдік пен теңдікке негізделген құқықтық мемлекет пен адамдар арасындағы баянды бейбітшілік қана халықты ұшпаққа шығарады».

Қазақстан жұртының таза пейілі мына шынайы шындықты айқындайды: Қазақ мемлекетінің қайнары да, арқауы да – дәстүрге берік, тарихы терең Ұлы Дала!

Ерлан СЫДЫҚОВ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры.